

Сайлауға да сауат керек

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Нұрлан Әбдіров С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенттерімен және елордалық жастармен кездесті. Толыққанды интерактивті форматта өткен кездесуге 400-ден астам студент, ОСК жанындағы Жас сайлаушылар клубының, елордалық жастар ұйымдарының өкілдері мен жас сайлаушылар арасынан белсенділер жиналды. Іс-шараға Орталық сайлау комиссиясының, ОСК жанындағы Сараптамалық кеңестің мүшелері, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ астаналық аудандардың аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары мен мүшелері және Астана қаласы мәслихатының депутаттары қатысты.

Кездесуді ашқан ҚазАТЗУ басқарма төрағасы – ректор, ҚР ҰҒА академигі Қанат Тіреуов жүздесудің жас сайлаушылар үшін маңыздылығына тоқталып, жастарды әлеуметтік белсенді болуға және өздерінің сайлау құқығын сауатты пайдалануға ынталандыратынына сенім білдірді.

Жиын барысында Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Н.Әбдіров комиссияның қызметі, еліміздің сайлау жүйесі мен сайлау органдарының дамуы туралы айтып, пайымдау, миссия, құндылықтар, қағидаттар, мақсаттар, басымдықтар секілді комиссияның стратегиялық даму элементтерін түсіндірді. Сонымен қатар Ортсайлауком Төрағасы ел Президенті Қ.Тоқаевтың ауқымды конституциялық реформасы шеңберінде сайлау жүйесінің трансформациялануы мәселесіне ерекше назар аударды.

– Ел азаматтарының сұранысы бойынша бүгінде мәслихат депутаттарының 90%-дан астамын халық тікелей сайлайды, сондай-ақ ауылдық округтер, кенттер мен аудандық маңызы бар қалалар әкімдерінің 97%-ға жуығы тікелей әрі жасырын дауыс беру негізінде сайланды. Бұл – азаматтық қатысу мен биліктің есеп беруін кеңейтудің маңызды қадамы, – деп атап өтті Н. Әбдіров.

Интерактивті сұрақ-жауап сессиясы барысында кездесуге қатысушылар сайлау жүйесін дамыту және сайлау рәсімдерін жетілдіру мәселелеріне қызығушылық танытты. Мәселен, №15 мектеп-лицейі өзін-өзі басқару ұйымының президенті Қайрат Құлхожақымет білім мекемелерінде өзін-өзі басқару ұйымдары мен оларды сайлау туралы, студент Еркін Қалдыбек әкімдікке кандидаттарға қойылатын талаптар, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының магистранты Нариман Абай мәслихат депутаттарын кері шақырып алудың тәртібі мен рәсімдері және ауылдық

деңгейдегі сайланатын әкімдерге де қатысты кері шақырып алу институтын енгізудің мүмкіндігі туралы сұрады. Осы академияның тағы бір магистранты Айсана Рахимова сайлаушыларға есептен шығару куәліктерін беру рәсімін цифрландыруды ұсынды, студент Аяулым Әбубәкірова сайлаушылардың электоралды белсенділігін арттыру жолдарына қатысты сұрақ қойды. Кездесудің белсенді қатысушыларына ОСК-ның 30 жылдығына орай шығарылған сайлау тақырыбындағы ғылыми басылымдардың көшірмелері табыс етілді.

Кездесу соңында электоралды күн тәртібінің негізгі мәселелері, оның ішінде сайлау белсенділігі, сайланбалы лауазымдарға кандидаттарға қойылатын талаптар, дауыс берудің электрондық және қашықтықтан нысандарын енгізу және басқа да мәселелер бойынша жастар арасында дәстүрлі онлайн-сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 46,2%-ы сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтар сайлауда және референдумда дауыс бермеуі керек, ал 45,7%-ы – сот қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп таныған және бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың дауыс беруге құқығы жоқ екенін атап өтті.

Жастардың басым көпшілігі (86,8%) президенттікке үміткер қазақ тілін білу үшін лингвистикалық емтихан тапсыруы керек деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың 67,1%-ы президенттікке кандидаттарға елде тұру мерзімі бойынша, ал Парламент Мәжілісінің депутаттығына – сайлау округінде тұру мерзімі бойынша қойылатын талаптарды қолдайды. 47% дәстүрлі бюллетеньмен дауыс беруді жөн көреді. Сауалнамаға қатысқан сұхбаттасушылардың 55,1% толтырылған бюллетеньмен суретке түсуге (селфиге) тыйым салуды енгізу қажет деп санайды, ал 39,7% сайлау мен референдумдарда заңбұзушылықтар мен манипуляциялар себебінен интернет арқылы дауыс бермейтінін айтты. Респонденттердің 28,2%-ы сайлау мен референдумдарда мерзімінен бұрын (көпкүндік) дауыс беруді енгізуді қолдамайтыны белгілі болды.

Кездесу қорытындысында студент жастар сайлаушылар арасында сайлау мәдениетін арттыру, ауылдар, кенттер, қалалар, аудандар әкімдерін, мәслихаттар мен Мәжіліс депутаттарын сайлауға жастардың қатысуының маңыздылығы және сайлау арқылы қоғамдық-саяси таңдау жасаудың еркіндігі жөнінде мол мағлұмат алды.